

БИРЖА МҮШЕЛЕРІ

2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 52 компания бір немесе бірнеше санат бойынша KASE мүшесі болды, соның ішінде: 29 компания валюталық санат бойынша, 45 – қор санаты бойынша және 22 – деривативтер санаты бойынша мүшелік мәртебесіне иеленді.

2018 жыл барысында KASE мүшелігінен бес ұйым шығарылды. Мүшеліктен шығарудың себебі қаржы ұйымдарының бірігу арқылы ерікті қайта ұйымдастырылуы болды – "Казкоммерцбанк" АҚ "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ-мен, "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ "Фридом Финанс" АҚ-мен, сондай-ақ "Эксимбанк Қазақстан" АҚ, "QazaqBank" АҚ, "Астана Банкі" АҚ лицензиялары алынып, соңынан жойылды.

KASE мүшелігіне қор санаты бойынша "ФридомФинанс" ИК КАҚ (Ресей Федерациясы) қабылданды.

ІС-ШАРАЛАР ХРОНОЛОГИЯСЫ

Қаңтар

09 қаңтарда Биржада "Эмитент күні" іс-шарасы шегінде "Кселл" АҚ жетекшілігінің бағалы қағаздар нарығының институционалдық инвесторларымен және кәсіби қатысушыларымен кездесу өткізілді.

24 қаңтарда Биржаның өкілдері UN Sustainable Stock Exchanges Initiative (Инициатива SSE) және Лондон қор биржасының (Ұлыбритания) қолдауымен International Finance Corporation World Bank Group ұйымдастырған дөңгелек үстелдің отырысына қатысты. Бұл іс-шара дамып келе жатқан нарықтарда компаниялар үшін ақпараттар ашу, айқындылықты қамтамасыз ету және экологиялылықты бағалау практикасын тарату, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (ESG критерийлері) сұрақтарын талқылауға арналды.

Ақпан

08 ақпанда Биржаның өкілдері Душанбе қаласында болып өткен (Тәжікстан Республикасы) "ТМД биржалары: қаржы құралдары, сервистер және технологиялар" бизнес-форумына қатысты.

14 ақпанда 2017 жылдың қорытындысы бойынша ең үздік Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды және БАҚ өкілдерін марапаттау өткізілді. Түрлі номинацияларда жеңімпаздар атанғанда: "Фридом Финанс" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы – "BCC Invest" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы), "Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы "Haluk Finance" АҚ, "АТФБанк" АҚ, "Қазмұнайгаз" Барлау Өндіру" АҚ, KAZ Minerals PLC. БАҚ өкілдері арасында "Курсив" газеті, forbes.kz интернет-сайты, "LS TV" агенттігі сияқты жарияланымдар мен ақпараттық ресурстар аталды.